

Ұстаз ... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, оның бірі – Ұстаз. Мағжан Жұмабаев атындағы ІТ-мектеп-лицейінің кітапханасында алдымызда келе жатқан Қарттар күні және Ұстаздар күніне орайластырылған педагогика мамандығының майталман ардагерлері мен мектеп оқушыларының арасында кездесу өтті. Кездесуге осы жылы мектебімізге орналасқан жас мамандар да қатысты. Оқушылар мен жас ұстаздар мамандықты таңдау, еңбек жолындағы кездескен қиындықтар туралы өздерін қызықтыратын сұрақтарын қойды. Өмірлерін мектепке арнаған ұстаздар жылы, достық атмосферада еңбек жолындағы қызықты оқиғалармен бөлісті, жас әріптестеріне тілектер мен қолдау сөздерін айтты. Оқушылар мен педагогикалық қызметін жаңадан бастаған мұғалімдер мазмұнды, ойластырылған іс-шара үшін алғыстарын білдірді.

Профессия учителя- самая главная и почетная. Учителя- это проводники в мир знаний, в мир детства, это носители тепла и доброты. Накануне дня пожилых и дня Учителя в библиотеке ІТ- школы-лицея имени Магжана Жумабаева проведена встреча учащихся и молодых учителей с ветеранами педагогического труда. Учителя, посвятившие всю жизнь школе, в теплой, дружеской атмосфере поделились интересными событиями из своей жизни, прозвучали пожелания и слова напутствия молодым коллегам. Учащиеся и учителя, только начинающие свою педагогическую деятельность, выразили благодарность за содержательное, продуманное мероприятие.



